

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Робототехника - болашақтың бағдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75113/>

Алматы қаласы

№177 бөбекжай—балабақша

Налибаева Илмира Таңатқызы

Робототехника - болашақтың бағдары

«Болашаққа бағдар- рухани

жаңғыру»

Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді»

Н.Ә.Назарбаев

Елбасының мақаласы қазақ еліндегі әр азаматтың жүрегінің түкпірінде жүрген ой толғауына қозғау салды. Әсіресе, елді мәңгілік ел ғып қалыптастыруға өз еңбегін аямай, тынымсыз еңбек ететін ұстаздар қауымы осы бағдарламаға қолдау көрсетіп, өз үлестерін қосуға белсене кірісті. «Рухани жаңғыру бағдарламасында жүктелген мақсат-міндеттердің жүйелі жүзеге асуы өскелең ұрпақ үшін аса маңызды» — деген пікірде.

Рухани жаңғыру — елдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, үйрете беру қажет. Бізге мұның бәрі керек, ел болып тұруымыз үшін, ұлттық бірегейлігімізді сақтауымыз үшін керек. Осының бәрінің кілті- ұстазда деп ойлаймын. Сондықтан әрбір ұстаз қазіргі заман талабына сай жаңашыл, білімді, жан-жақты болуы тиіс. Ұстаз — ол ағартушы, мұғалім, оқытушы, жетекші және тәрбиеші. Сол себепті, рухани жан - дүниені түсінетін адамның бірі - ұстаз.

Елбасы мақаласында : «Қоғамның рухани жаңғыруына халықтың дәстүрі мен ұлттық

мәдениеті негіз болуы тиіс» — делінген. Қазіргі заман ұстаздары оқу-әдістемелік жұмыс барысында рухани тұрғыда білім мен тәрбие беру мәселесін басты назарға алу қажет. Елбасы мақаласының түпқазығы, басты мұраты — барша қазақстандықтарды сан ғасырлар бойы ата-баба армандаған кемел келешекке жеткізу. Бұл жолда жылдар бойы айнымас серігімізге айналған қасиеттер — достық, ынтымақ аса қажет. Ұстаз шәкірт бойына осы жақсы қасиеттерді сіңірте отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту болып табылады.

Президентіміздің — «**Рухани жаңғыру**» атты мақаласының аясында аудандық семинар өткізілді. Балаларға «**Рухани жаңғыру**» мақаласын толықтай етіп түсіндіріп, сонымен қатар тарихи құндылықтарды таныту үшін балабақшамыздың меңгерушісі Нуршаева Эльмира Рүстемқызының қолдауымен осы тақырып аясында «**Рухани жаңғыру**» кабинеті ашылуда. Елбасымыз, төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенеді.

«**Рухани жаңғыру**» кабинетіне ою-өрнекпен безендірілген киіз үй, түс киіз, текемет, құрақ көрпе, сияқты қазақи нақыштағы заттар қойылған. Бұл бөлме арқылы балалар ұлтымыздың салт- дәстүрін үйреніп, тәлім-тәрбие алады. Осы орайда ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлерді дәріптеу мақсатында балалармен бірлесіп жұмыс жасаудамыз. Айта кетсек тағы «Рухани жаңғыру» кабинетінде «Жеті ойыншық» тауарлық белгісі бойынша дайындалған ұлттық нақыштағы ойыншықтармен жабдықталған. Ойыншықтарды балалар өте жақсы көріп ойнайды. Ойыншық түрлері арасындағы біздің топтың қатты қызығушылық танытқан ойыншықтары ,қол моторикасын дамыту ойыншығы болды. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында балабақша меңгерушісінің қолдауымен Мектепалды даярлық « Ертөстік » тобын **Робот технология** тобы деп ашылды.

Жаңа технология мен инновацияларды бүгінгі қолданысқа еркін еңгізудің негізгі алғышарты да осыдан бастау алады.

Әлемдік тәжірибеде бұрын барлығын техника, экономика шешеді деген сана қалыптасқан еді. Ал, бүгінгідей күн санап даму үдерістері қарқын алған заманда, қатып қалған ережеге сүйеніп емес, әр ұлттың өз ерекшелігі, өз зияткерлік ұстанымына сай, ұлттық сана шешетіндігін көрсетіп отыр. Шынында, кез келген халық білімді болса, не нәрсеге болсын бейімделіп кетеді. Бірінші жетістікке тез жететін экономика емес, ұлттық сана болады

Қазіргі таңда әлемде робототехника ғылымы кеңінен қолданыс табуда. Қазақстан дамыған елдер қатарынан көріну мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытына бетбұрыс жасап келеді. Ғылымның бұл түрі жайлы түсінік ерте жастан қалыптаса түскені абзал.

Білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу жолында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра қызмет ету, еңбектену, іздену – бүгінгі педагог міндеті.

Топтың жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Мақсаты:

Робототехника құрал-жабдықтар көмегімен пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты емес шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастыру

Міндеттері:

Баладардың танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Өз бетінше бағдарлама компоненттерін қолдануға және оның мазмұны арқылы өз білімдерін жақсарту.

Балалардың сыни ойлау дағдыларын арттыру

Мәселені тапқырлықпен шешу дағдыларын қалыптастыру

Балалардың дайыдығына қойлатын талаптар:

Жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру

Топтасып жобалауға, мақсаттар қоюға, болжам жасап, оны дәлелдеуге, қажетті ақпаратты іздеуге, тәжірибелер жасап, атқарылған жұмыс нәтижелерін ұсынуға, талдау жасауға және жасаған жұмысын бағалау

Күтілетін нәтиже:

Түрлі мақсаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін роботтарды жобалау

Қарапайым роботтарды басқару

LEGO MINDSTORMS Education EV3 және LEGO Digital Designer бағдарламаларында жұмыс жасай алу

Шығармашылықпен жұмыс жасай білу

Құрастыру, модельдеу және бағдарламалау дағдыларын пайдалану адамның түрлі салалардағы қызметін жеңілдету және жақсартуға қажетті құрал-жабдықтар жасауға және тың ойларды пайдалану

Құрастырғыштың ұсақ бөлшектерін қолдану арқылы балалардың саусақтарының ұсақ қимылдарын дамыту

Білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу жолында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра қызмет ету, еңбектену, іздену – бүгінгі педагог міндеті.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.